



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Бүгінгі таңда жаһандық климаттың өзгеруі мен трансшекаралық су мәселесі Орталық Азия елдері үшін стратегиялық сын-қатерге айналып отыр. Әсіресе, Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Қызылорда облысы үшін судың әр тамшысы алтынмен тең. Су тапшылығы күрші шаруашылығына қалай әсер етеді? Болашақта бізді не күтіп тұр? Осы және өзге де өзекті сауалдар төңірегінде

Б.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Серікбай Өмірзақовпен сұхбаттасқан едік.



СЫРДЫҢ СУЫ САРҚЫЛМАУЫ ТИІС

– Сыр өңіріндегі су тапшылығы күрші шаруашылығына қаншалықты әсер етіп жатыр? Биылғы егіс науқанына қатысты болжамдарыңыз қандай?

– Бүгінгі таңда су мәселесі ауыл шаруашылығының болашағын айқындайтын негізгі факторға айналып отыр. Себебі нақты қанша су бөлінінін алдын ала деп басып айту әрдайым мүмкін бола бермейді. Біз жоғарыдан келетін су көлеміне қарай жоспар құрамыз, болжам жасаймыз, соның негізінде күріш егісінің көлемін белгілейміз. Ал күріш – шығыны көп, суға тәуелді дақыл. Сондықтан бөлінген қаржы да, атқарылатын агротехникалық шаралар да, түптеп келгенде, алқаптың сумен қамтылуына тікелей байланысты. Соңғы жылдары су тапшылығы болып, тәуекел айтарлықтай артып отыр. Бұл жағдай суармалы егіншіліктің қазіргі ахуалын қайта саралап, нақты әрі батыл шешім қабылдауды қажет етуде. Соңғы жеті-сегіз айдың ішінде өңірде Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Су ресурстары және ирригация министрлігінің өкілдері бірнеше рет келді. Вице-министрлер де, Үкімет өкілдері де өңірге арнайы ат басын бұрып, шаруалармен, жергілікті әкімдікпен кездесіп, су жағдайын талқылады. Егісті аман алып қалу үшін мемлекет тарапынан қосымша қаражат бөлініп, насос қондырғылары сатып алынғанымен, су жетіспеушілігінің тауқыметін тартып отырған шаруашылықтар әлі де аз емес. Осы күрделі жағдайға байланысты бұрын орта есеппен 85 мың гектарды құраған күріш алқабы биылғы жоспар бойынша 70 мың гектарға дейін қысқартылып отыр. Шамамен 15 мың гектарға жуық жердің кемуі шаруалар үшін оңай шешім болмаса да, қазіргі ахуал осындай қадамға баруға итермелеуде. Қазіргі деректерге сүйенсек, Шардара су қоймасында 5 миллиард текше метрден астам, ал Көксарайда шамамен 1,5 миллиард текше метр су жиналған. Төменгі ағысқа қарай секундына 600 текше метр шамасында су жіберіледі. Бұл көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда біршама жоғары көрінгенімен, біз мұны шексіз молшылық емес, су тапшылығына жасалған дайындықтың бір бөлігі ретінде қабылдауымыз қажет. Қазіргі уақытта шаруалар егіс алқаптарын нақтылап жатқанда, біздің институт тек егіс көлеміне ғана емес, ауыспалы егістің сақталуына, топырақ құнарын арттыруға және шаруаларға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуге басымдық береді. Күріш институтының басты міндеті де осы ғылыми тетікті тиімді пайдалану.

2-БЕТТЕ

ҚОЛӨНЕР



АҚМАРАЛ ТІККЕН КИМЕШЕК

Ақ кимешек басымда, Адалдықтың белгісі. Елім есен, жұрт тыныш, Амандықтың белгісі. Ұлтмыздың үлгісі, Салтмыздың үрдісі. Тұр бойында жұртмының, Аргысы мен бергісі, – деген өлең жолдары сәлт-дәстүріміздің шамшырағындай болған әжелеріміздің ақ кимешегінің қадір-қасиетін айшықтап тұрғандай. Ал осы қасиетті бұйымды тігетін шеберлердің де өнері ерекше деуге болады. Он саусағынан өнері тамған осындай шебер

ақ жаулықтыны біз «Анаға тағзым» орталығынан кездестірдік. Он бойында иба мен әдеп тұнып тұрған Ақмаралдан сән-салтанаты келіснен ақ кимешекті тігудің құпиясын сұрадық. – 6-сынып оқып жүргенде ораулы, ақ ши тоқу, жүн түту, сабау, ақ бау тоқу, текеметке ою салу, тоқым жасауды, киіз басуды, жүн бояуды, кимешек тігуді әжемнен үйрендім. Әжем шебер кісі еді. «Әйел затына көлерін үйрену өте пайдалы. Үйіңді бүтіндейсің, ұқыпты боласың», – дейтін әжем. Ал тоқыма тоқу, арқан есу, жіп ширату, жіп төгу, тарқату, құрақ құрау, түкті, тықыр кілем тоқуды анам үйретті.

3-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ


ҚАЛА КӨШЕЛЕРІ КЕҢЕЮДЕ

Сыр өңірінде серпінді даму жалғасып келеді. Күн өткен сайын келбеті жаңарған қала заманауи талаптарға сай инфрақұрылымдық жобалармен толығуда. Әсіресе, жол-көлік саласындағы ауқымды жұмыстар шаһардың тынысын кеңейтіп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруда.

Аймақ басшысының тікелей қолдауымен қалада жол-көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қарқынды жүргізіліп, шаһар көшелерінің келбеті өзгеріп, жолдар кеңейтілуде. Бұл – тұрғындардың қауіпсіздігі мен қозғалыс жайлылығын арттыруға бағытталған маңызды қаламдардың бірі.

Қазіргі таңда ауқымды жобалардың бірі – Н.Назарбаев даңғылының кеңейтілуі. Мердігер мекеме «УАД» ЖШС Б.Баймаханов көшесінен Тасбөгет кентіне кіреберіс көпірге дейінгі аралықты қайта жаңғырту жұмыстарын бастады. Жоба аясында Тасбөгет кентіндегі Есенов көшесі екі жолақтыдан төрт жолақтыға дейін кеңейтіліп, Амангелді көшесіне жана асфальт жабындысы төселеді. Сонымен қатар жол бойына жарық шамдары орнатылады.

С.Торайғыров көшесінен Құмкөл трассасына дейінгі Сағымбаев көшесінде де қарқынды жұмыс жүргізілуде. Қайта жаңғырту жобасын «Қыран» ЖШС жүзеге асырады. Аталған жол да екі жолақтыдан төрт жолақтыға кеңейтіліп, заманауи жарық бағаналары орнатылады. Бұдан бөлек,



ЗЕРДЕ



ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ҚР оқу-ағарту министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды.

Бұл жоба өскелең ұрпақты бала кезінен кітап оқуға дағдыландыру, халық арасында оқу мәдениетін қалыптастыру, ел болып әлемдегі ең көп кітап оқитын он елдің қатарына енуді мақсат етіп отыр. Қала мектептерінде жаңа жоба жүйелі жүзеге асуда.

3-БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ



БАЛАНЫ ҰЙЫҚТАТЫП ТІС ЕМДЕУ ҚАУІПТІ МЕ?

Соңғы жылдары баланы ұйықтатып тісін емдету жиілей түсті. «Бала кішкентай, тіс дәрігерінен қорқалды» дейтін ата-аналар қазір баласын ұйықтатып, тісін емдеуге жүгінеді. Балалар стоматологиясында жиі қолданылатын ингаляциялық наркоздың бірі – Севоран (халықаралық атауы – Севофлуран). Бұл препарат арқылы бала масқаман тыныс алып, бірнеше минут ішінде ұйқыға кетеді. Соңғы жылдары бала тісін осы әдіспен емдеуге ұсыныс көбейген.

Севоран газы – иіскеу арқылы берілетін заманауи анестетик. Балалар тәжірибесінде қолданылып жүрген бұл тәсіл жылдам әсер етеді. Бала ұйыққан жеңіл оянады. Көбінесе бірнеше тісті бірден емдегенде және балалар тіс дәрігерінен қорыққан жағдайда қолданылады. Мамандардың сөзіне сүйенсек, бұл басқа әдістер нәтиже бермегенде ғана қолданылады.

4-БЕТТЕ

ТҮЙЫМ САЛУ: МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕ МЕ?



Бүгінде жаһандық деңгейде экология мен адам денсаулығы ең басты құндылыққа айналды. Ауаның ластануы, қалалардағы түтін мен зиян қалдықтар мәселесі тек табиғатқа емес, әрбір адамның тыныс алу жүйесіне де тікелей әсер етуде. Осындай күрделі экологиялық жағдайда қоғамның зиян әдеттерден арғылуы тек жеке адамның емес, мемлекеттік маңызы бар мәселе. Қазақстанда соңғы жылдары темекі өнімдері мен вейптерге қатысты заңнамалық шектеулер барынша қатайтылды. Көшедегі жарнамалар жойылып, сату нүктелері жабылып, тіпті кейбір өнім түрлеріне толықтай тыйым салынды. Алайда бұл шаралар іс жүзінде қаншалықты тиімді? Шынмен, «түтінсіз қоғамға» жақындадық па, әлде бұл шектеулер мәселені шешудің орнына оны бақылаусыз «көленкелі нарыққа» ысырып тастады ма? Осы және өзге де өзекті сауалдар төңірегінде «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы ҚҚ жобалар координаторы, әлеуметтанушы-аналитик Азат Мұхамедиевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

тек табиғатқа емес, әрбір адамның тыныс алу жүйесіне де тікелей әсер етуде. Осындай күрделі экологиялық жағдайда қоғамның зиян әдеттерден арғылуы тек жеке адамның емес, мемлекеттік маңызы бар мәселе. Қазақстанда соңғы жылдары темекі өнімдері мен вейптерге қатысты заңнамалық шектеулер барынша қатайтылды. Көшедегі жарнамалар жойылып, сату нүктелері жабылып, тіпті кейбір өнім түрлеріне толықтай тыйым салынды. Алайда бұл шаралар іс жүзінде қаншалықты тиімді? Шынмен, «түтінсіз қоғамға» жақындадық па, әлде бұл шектеулер мәселені шешудің орнына оны бақылаусыз «көленкелі нарыққа» ысырып тастады ма? Осы және өзге де өзекті сауалдар төңірегінде «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы ҚҚ жобалар координаторы, әлеуметтанушы-аналитик Азат Мұхамедиевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

4-БЕТТЕ

– Алдағы уақытта суды аз қажет ететін, аймақ табиғатына бейімделген қандай дақылдарды егуге болады?

– Су үнемдейтін және суды аз тұтынатын дақылдардың балама нұсқалары бар екені даусыз, алайда бұл мәселені «күріштен бас тартып, орнына басқа дақыл еге салу» деген қарапайым түсінікпен шешу мүмкін емес. Ең алдымен, қолда бар суару жүйесінің нақты қай дақылға бейімделгенін ескеру қажет. Мәселен, Сыр өңіріндегі өзенмен пара-пар ірі нысан – Шіркейл каналы секундына 250 текше метрге дейін су өткізуге қауқарлы және ол негізінен күріш алқаптарын сумен қамтамасыз ету үшін арнайы салынған. Демек, аймақтың бүкіл ирригациялық инфрақұрылымы бастан-аяқ күріш шаруашылығына негізделген. Басқа дақылдарды көбейткен күннің өзінде, оларға да су қажет, тек оның мөлшері күрішпен салыстырғанда азырақ болады. Қазіргі таңда жүгері алқабын кеңейту бағытында нақты жоспар қарастырылуда. Инвестиция тарту арқылы 24 мың гектарға жуық жана жер ашу жобалары талқыланып, онда жаңбырлатып суару технологиясын қолдану көзделіп отыр. Дегенмен, заманауи технология қолданылғанымен, су бәрібір табиғи су көздерінен алынатындықтан, ресурсқа деген қажеттілік сақтала бермей. Бұдан бөлек, егістің артарандыру мақсатында техникалық дақылдар мен мал азықтық бағыттағы арпа, бидай, жоңышқа сияқты өнімдердің үлесін арттыруға болады. Бұл ретте тек дақыл түрін өзгерту ғана емес, шаруалардың жинақтаған тәжірибесі, өнімнің нарыққа бейімделуі, жер бедерінің ерекшелігі мен қолданыстағы инфрақұрылымның дайындығы сынды факторлар кешенді түрде ескерілуі тиіс.

– Күрішпен салыстырғанда жүгері қаншалықты суды аз қажет етеді?

– Жүгері – белгілі бір деңгейде су тапшылығына төзімділігімен ерекшеленетін, алайда ылғал жеткілікті жерде өнімділігі айтарлықтай артатын дақыл. Бүгінде бұл өнім еліміздің Алматы, Жетісу, Жамбыл және Түркістан облыстарында кеңінен өсіріліп келеді, сондай-ақ біздің өңірде де бұл бағытта жинақталған тәжірибе бар. Жалпы алғанда, ауа райына, топырақ құрамына және қолданылатын технологияға байланысты жүгері гектарына шамамен 4-7 мың текше метр су тұтынады. Күрішпен салыстырғанда бұл дақылдың суға деген қажеттілігі шамамен 4-5 есе аз деп айтуға негіз бар. Алайда бұл жерде бір маңызды техникалық жайтты ескеру қажет. Күріш пен жүгерінің суару жүйелері бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Күріш алқаптары атыздан суаруға лайықталса, жүгері үшін жаңбырлатып немесе өзге де жүйелі суару әдістері тиімдірек саналады. Сондықтан «жүгері суды аз қажет етеді екен» деген желеумен күріш танабына бірден жүгері сеуіп жіберу қате қадам. Ол үшін жердің сапасын, суару инфрақұрылымын, қажетті техника мен технологиялық процестерді түгелдей қайта бейімдеу қажет, бұл бір күнде шешіле салатын шаруа емес. Әлемдік деңгейде жүгері бидай мен күріштен кейінгі маңызы жоғары дақылдардың қатарына жатады. Оның қолданысы асы да кең, дәндік мақсатта, мал азығы ретінде, тіпті биотанол өндірісі сияқты биотехнологиялық салаларда да сұранысқа ие. Дегенмен, біздің жағдайда ең өзекті мәселе – дайын өнімді өткізу. Шаруалар өндірілген өнімді қайда сатарын нақты білуі тиіс. Мәселен, Қытай сынды ірі ел нарығының талабы өте қатан. Олар тек сапаны ғана емес, мыңдаған тонналық тұрақты көлемді талап етеді, сондықтан 200-300 тонналық шағын көлем жеткіліксіз болуы мүмкін.

Жүгері – жоғары өнімді дақыл, қолайлы жағдай жасалса, гектарынан 150 центнерге дейін өнім алу мүмкіндігі бар, тіпті 60-75 центнердің өзі жақсы көрсеткіш болып есептеледі. Дегенмен, бұл бағытта өнімді сақтау, кептіру, логистика және сатып алушының талаптарына сәйкестендіру сияқты бірқатар тәуекелдер кездеседі. Осы себепті жүгері шаруашылығы болашағы зор бағыт болғанымен, елімізде толық жолға қойылған индустриялық жүйе әлі де тиісті деңгейде қалыптаса қойған жоқ.

– Біздің климатқа бейімделген жүгері сорттары туралы не айтуға болады?

– Біздің климаттық ерекшеліктерімізге бейімделген жүгері сорттарын енгізу бағытында соңғы жылдары нақты қадам жасалып жатыр.

Басы 1-бетте

Мәселен, Қытай мамандарымен бірлескен жоба аясында Шинелі ауданының аумағында жүгеріні ірі көлемде егіп көру тәжірибесі қолға алынды. Былтыр басталған бұл жұмыс биыл екінші жыл қатарынан жалғасын тауып отыр. Бұл жобадан шетелдік әріптестер негізінен өздерінің гибриді сорттарына сүйенетінін аңғаруға болады. Жалпы алғанда, біздің өңірдің табиғатына бейімдеуге болатын гибриді сорттар жетерлік, алайда олардың бағасы айтарлықтай қымбат келеді. Осыған байланысты кейбір шаруашылықтар әлі де болса бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі сорттарды пайдалануды жөн көреді. Дәл қазіргі уақытта қай аймақта қандай сорттың нақты қанша көлемде себіліп жатқаны туралы жүйеленген мәліметтер әлі де жеткіліксіз болып отыр. Сондықтан бұл саланың дамуы үшін ғылыми сүйемдеу мен тұрақты мониторинг жүргізу аса қажет.

– Күріш жерді тұздандыра қалай сақтайды?

– Күріш егу мен жердің тұздануы арасындағы байланыс – өте маңызды әрі терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Күріш суармалы дақыл болғандықтан, оның танабына жерінен мол су тұзданған жерлердегі топырақты шайып, зиянды тұздарды төменгі қабатына ығыстыруға септігін тигізеді. Артық су коллектор-дренаждік жүйелері арқылы сыртқа шығарылған кезде,

жүйелі ғылыми-техникалық қолдауды талап етеді.

Су режимі өзгерген жағдайда топырақтың физикалық күйі де өзгеріске ұшырайды. Кейде топырақ қатп қалатындықтан, оны қосыту және агротехникалық шараларды күшейту қажет болады. Қазіргі таңда лазерлік тегістеу мен GPS-пен жұмыс істейтін заманауи техникалар қолданысқа енгенімен, олардың барлығы үлкен қаражатты қажет етеді. Егер жер жұрту, тегістеу және атыз-арық жүйесін реттеу сияқты бастапқы дайындық жұмыстары сапасыз жүргізілсе, тіпті ең сапалы тұқымның өзі күткендей өнім бермейді. Сондықтан бүгінгі басты түйткіл тек дақылды ауыстыруда емес, тұтас агроландшафт пен өндірістік жүйені түбегейлі қайта ойластыруда жатыр.

– Су тапшылығы жағдайында өңірде бейім ұзақ мерзімді балама ретінде мия өсіру жайы да айтылып жүр. Бұл қаншалықты тиімді?

– Мия өсіру мәселесі – су тапшылығы жағдайында өңір экономикасы үшін өте маңызды әрі болашағы зор бағыттардың бірі. Қазіргі таңда Қызылорда облысында мия өңдеумен айналысатын, арнайы инвестиция салынған зауыт жұмыс істеп тұрғаны белгілі. Алайда бұл саладағы негізгі түйткіл – дайын өнім шығаруға қажетті шикізаттың тапшылығы. Мия өсімдігі

– Сор және құм басқан жерлерге қатысты қандай ғылыми шешім ұсынар едіңіз?

– Қазіргі таңда біз тек құнарлы егістік жерлермен ғана шектеліп қалмай, сор, тұз, тіпті құм басып бара жатқан қиын аумақтардың мәселесімен де бетпе-бет келіп отырмыз. Мұндай күрделі жағдайдағы жерлер ауыл ішінде де, қала маңында да кездесетіндіктен, табиғи төзімді өсімдіктерді айналымға енгізу мәселесі өте өзекті. Осы ретте ғылыми тұрғыдан «галлофитті өсімдіктер» деп аталатын, яғни тұзды ортаға барынша бейімделген өсімдіктерге басымдық берген жөн. Олар топырақтың тұзды құрамы мен құрылымына оң әсер етіп, жергілікті экожүйені тұрақтандыруға зор септігін тигізеді. Мәселен, секеуілі мен жыңғыл мұндай қатан жағдайларға әбден бейімделген. Сонымен қатар егістік айналымына өзімізде жақсы өсетін жантақ сияқты төзімді өсімдіктерді де батыл енгізуге болады. Жантақтың басты артықшылығы – ол суды көп талап етпейді, тамыры тым тереңге бойлайды және мал азығы ретінде де жоғары бағаланады. Тіпті оның белгілі бір дәрілік қасиеті бар екені де айтылады. Егер осындай шөп түрлерін дұрыс жүйеммен пайдалана білсек, құм көшу қаупін айтарлықтай азайтып, жерді табиғи жолмен тұрақтандыруға мүмкіндік туады. Бұл бағыттағы жұмыстардың сәтті болуы осы

мерзімді дамуы да тежеледі. Сондықтан бүгінгі аға буынның басты міндеті – тәжірибесін кейінгі толқынға аманат етіп қалдыру. Әсіресе су шаруашылығы саласында терең білімді мамандардың тапшылығы қатты сезіледі. Біз «суды үнемдеу керек» деп жиі айтқанымызбен, оны нақты жобалап, есептеп, күрделі инженерлік шешімдер мен техника арқылы іске асыратын білікті мамандарға зәруміз. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде су шаруашылығы мен жерге орналастыру бойынша мамандар даярланғанымен, бұл мамандықтар жастар арасында аса «сәнді» көрінбеуі мүмкін. Соған қарамастан, бұл шын мәнінде өмірлік маңызы бар сала, өйткені суыс тіршіліктің болуы мүмкін емес. Кез келген мемлекет үшін азық-түлік қауіпсіздігі – басты басымдық, ал бұл қауіпсіздік тікелей судан басталады. Қар, жаңбыр суын және көктемгі ағын суды дер кезінде жинау, оны ысырапсыз шаруашылық қажеттілігіне дұрыс бағыттау, барлығы тек кәсіби мамандардың қолынан келетін жауапты іс.

– Сіз ауыл өмірі, шағын шаруашылық, отбасы еңбегі туралы да маңызды ой айттыңыз. Бұл тақырып су мәселесімен қалай сабақтасалды?

– Су саясаты мен ауқымды аграрлық стратегияның түпкі мәні ауылдағы күнделікті тіршілік тынысымен тікелей сабақтасып жатыр. Қазіргі таңда көптеген ауылда бос жатқан жер көбейіп, жастардың қалаға үдеріс көшуі салдарынан еңбек күші азайып, тек қарттар ғана қалып бара жатқан жағдайлар кездеседі. Алайда сол несіз жатқан жерді игеру үшін тек ынта ғана емес, заманауи құрал мен еңбек мәдениеті қажет. Бұл ретте Жапония сияқты дамыған елдердің тәжірибесіне сүйеніп, шағын шаруашылықтарға арналған қолжетімді техниканы мотоблоктар мен шағын қондырғыларды кеңінен қолданудың маңызы зор. Мұндай тиімді құралдар жер жұрту, қосыту, түптеу және егін егу жұмыстарын айтарлықтай жеңілдетіп, әр отбасының өз ауласынан өнім алып, тұрмысын түзеуіне жол ашар еді.

Біздің өңірдің табиғаты картоп, сәбіз, пияз, кияр, сарымсақ өсіруге әбден қолайлы, ал жылыжай жағдайында қызанақ, бұрыш секілді дақылдарды да еркін игеруге болады. Мұндай істің берері тек материалдық табыс ғана емес, өскелең ұрпақты еңбекке баулу, отбасылық құндылықтарды нығайту, аула көркін келтіріп, экологиялық таза өнім тұтыну мәдениетін қалыптастыру деген сөз. Сонымен қатар артық өнімді сату арқылы отбасы бюджетін толықтыру мүмкіндігі де туады. Бұрынғы кезде әр үйдің ауласында картоп, пияз, сәбіз бен қауын-қарбыз сақтайтын қойма болатын еді. Біз осындай қарапайым, бірақ өте тиімді дәстүрлі тәжірибелерді жаңғыртуымыз керек. Тіпті тұрмыстық қалдықтардың өзін ысырап қылмай, мал мен құсқа азық ретінде беру немесе топырақты органикалық жолмен байытуға пайдалану – үлкен мәдениеттің белгісі. Осындай ұсақ болып көрінетін, бірақ маңызы зор қадамдар ауыл тіршілігін жаңа белеске шығаратыны анық.

– Сыр өңірінің болашағы үшін ең маңызды тұжырым қандай?

– Су мәселесі енді кейінге ысырылатын тақырып емес. Бұл баршамаңызға ортақ, аса маңызды стратегиялық түйткіл. Біз тек судың көлеміне ғана емес, оның сапасына, тиімді жұмсалыуына және ғылыми негізде басқарылуына баса назар аударуымыз қажет. Қазіргідей су тапшылығы жағдайын әрбір гектар жердің қолданылуына және ғылыми негізде басқарылуына әрбір шешімнің құны еселеп арта түседі. Сондықтан біз ертеңгі күнге бүгіннен бастап дайындалуымыз шарт. Ғылыми әлеуетті күшейтіп, білікті мамандар даярлауды қолға алу, қоғамда су үнемдеу мәдениетін қалыптастырып, жерге жауапкершілікпен қарау керек. Күріш шаруашылығын, балама дақылдарды, топырақ құнарын, ауыл тіршілігін мен жастардың болашағын бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Бұлардың барлығы тығыз байланысты біртұтас үлкен жүйе. Егер біз осы сабақтастықты терең түсініп, бүгіннен бастап нақты әрі батыл әрекетке көшсек, Сыр өңірінің де, жалпы еліміздің де ертеніне нық сеніммен қарауға толық негіз бар.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА

СЫРДЫҢ СУЫ САРҚЫЛМАУЫ ТИІС



топырақтың тұздылығы белгілі бір деңгейде төмендеп, әсіресе жеңіл еритін тұздар тезірек шайылады. Алайда өнімдіміздің аптап ыстығы мен булану деңгейінің жоғары болуы «күріш ексеқ болды, тұздану мәселесі біржола шешілді» деген жаңсақ пікірге жетірмейді. Әдетте үш-төрт жылдық ауыспалы егіс кезеңінде күріш негізгі орын алып, топырақ жағдайы біршама жақсарған соң ғана басқа дақылдарды егуге қолайлы орта қалыптасалды. Дегенмен уақыт өте келе жердің үстіңгі қабаты булану әсерінен тұз жоғары көтерілетіндіктен, бұл құбылыс тұрақты бақылауды қажет етеді.

Жүгері дақылды да белгілі бір деңгейде тұзға төзімді болғанымен, оның да шегі бар. Егер тұздану деңгейі шамадан тыс артып, су режимі дұрыс ұйымдастырылмаса, жүгері де зардап шегетіні анық. Сонымен қатар бұл мәселенің өзге қырына да үңілу керек. Күріш саласында бізде ондаған жылдар бойы қалыптасқан тұтас жүйе бар. Арнайы техника мен технологиядан бастап, тұқым шаруашылығы, ақтау зауыттары, дайын өнімді сатып алушылар мен білікті мамандар желісі құрылған. Су реттеушінен бастап бригадирге дейінгі кадрлық мектеп – үлкен қажеттілік. Ал өзге дақылға жаппай көшу үшін қосымша уақыт, қомақты қаржы және

Сырдария өзенінің бойында табиғи түрде өскенімен, оның тамыры фармацевтикалық және өндірістік талаптарға сай толық жетілуі үшін 4-5 жыл уақыт қажет. Осыған байланысты мияны тек табиғи ортадан жинай бермей, оны арнайы жоспарлы егістік айналымына енгізу туралы байыпты ойланған абзал.

Бұл бағытты дамыту үшін зауыттарға жыл сайын қанша көлемде шикізат қажет екенін нақты есептеп, соған сәйкес бірнеше жылға негізделген жоспар түзуге болады. Мия өсіру – бір жылда тез нәтиже бере қоятын жоба емес, бұл ұзақ мерзімді инвестициялық және агротехнологиялық қадамдарды талап етеді. Дегенмен, мұндай жобаның берері мол. Біріншіден, қайта өңдеу кәсіпорындары үшін тұрақты шикізат базасы қалыптасалды. Екіншіден, мия топырақтың жағдайын жақсартып, оның құнарын арттыруға оң ықпал етеді. Үшіншіден, өсімдіктің жер үсті массасын мал азығына пайдалануға болады, тіпті оның тозаңдандырылған жәндіктер үшін де пайдасы бар екені айтылады. Ең басты артықшылығы мияның тамыры терең кететіндіктен, ол көп суды қажет етпейді. Сондықтан су ресурстары шектеулі біздің өңір үшін бұл сала айрықша назар аударуды қажет ететін баламалы бағыт саналады.

дақылдардың тікелей «генофонд» жұмысының сапасына байланысты. Яғни, тұзға төзімді өсімдіктердің түрлерін жинақтап, іріктеуден өткізу, оларды жергілікті жерге бейімдеп, содан кейін ғана өндірістік ауқымда қолданысқа енгізу қажет. Бұл ғылыми-зерттеу институттары жүйелі түрде айналысуы тиіс маңызды сала. Өйткені алдағы уақытта ауыл шаруашылығының болашағы дәл өндірістік стресс жағдайларына төзімді дақылдарды игерумен тығыз байланысты болуы әбден мүмкін.

– Жалпы, су мәселесін шешуде ғылымның ролі қандай?

– Су тек табиғи ресурс ғана емес, оны дұрыс есептеу, бөлу, сақтау және тиімді пайдалану үшін терең білім мен заманауи технологиялар ауадай қажет. Қазіргі таңда мемлекет деңгейінде бұл салаға ерекше назар аударылып, арнайы бағдарламалар қабылданауда, ғылыми жобаларға гранттар бөлініп, ведомстволық және өңірлік деңгейде ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл үрдіс көңілге қуаныш ұялатқанымен, ғылымды алға сүйрейтін негізгі күш – кадр мәселесі әлі де болса өзектілігін жойған жоқ. Жастардың ғылым саласына келуінің жеткіліксіздігі үлкен кедергі болып отыр, себебі жас буынсыз ғылым дамымайды, ал ғылым тоқыраса, елдің ұзақ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ: Бұл не үшін қажет?

Әбділла Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты» тақырыбында семинар өтті. Семинар барысында қаржылық есептілік аудитінің мәні мен маңызы, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері жан-жақты талқыланды.

Атап айтқанда, қаржылық есептілік (шоғырландырылған қаржылық есептілік) аудитінің мақсаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің анықтығын негізделген растауды алу болып табылатындығы түсіндірілді.

Сонымен қатар бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің компоненттері – бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің және қаржылық есептілігі, сондай-ақ оның ведомстволарының

шоғырландырылған қаржылық есептілігі болып табылатындығы айтылды.

Қаржылық есептілік аудиті Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы», «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 бұйрығының талаптарына және ұсынылған құжаттарға сәйкес жүргізілетіндігі атап өтілді.

Семинар соңында қатысушылар пікір алмасты. Бұл іс-шара тыңдаушылардың кәсіби білігін арттыруға және аудат саласындағы теориялық әрі практикалық білімдерін тереңдетуге ықпал етеді.

Ақтоты МАХАНБЕТЖАНОВА,

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қазынашылық департаменті басшылығының 2026 жылдың ІІ тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі					
Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізілетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдау жүргізілетін уақыты	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қазынашылық департаменті	Байсариев Қалмұхамбет Сапарбекұлы	Департамент басшысы	Сәрсенбі сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі 7А	8 (7242) 26-23-62
	Келдибаева Данагүл Қылышбековна	Департамент басшысының орынбасары	Дүйсенбі сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8 (7242) 27-49-59
	Ақырзаев Мамбетәлі Сейтжанбарұлы	Департамент басшысының орынбасары	Бейсенбі сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8 (7242) 26-22-01

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бузылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Мемлекеттік қазынашылық департаменті 8 (7242) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық Мемлекеттік қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31) 31831, Шнелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП



Жаңа жобаның жетістігі

Нәлхожа Ерғешбаев атындағы №172 орта мектебі – «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алып, білім мен тәрбиені қатар өркендеткен тұғырлы білім ордасы. 2023-2026 оқу жылында тірек мектебі ретінде «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобаны жүйелі түрде іске асырумен ерекшеленіп, қала мектептерінің арасында көш баспа түр.

Еске сала кетейік, жобаның негізгі мақсаты – оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, көркем әдебиет арқылы жан-жақты ойлауын дамыту, бойына рухани-адамгершілік құндылықты сіңіру және отбасылық оқу мәдениетін қалыптастыру. 2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық ұжым құрастырған 1-4 сынып оқушыларына арналған «Оқитын мектеп – табысты мектеп» әдістемелік құралы облыстық сараптамадан өтіп, республикалық сараптамаға ұсынылған.



Басы 1-бетте

Мектепте оқушыларға кітап оқуға қолайлы орта қалыптастыру, оқу мәдениетін дамыту және заманауи білім беру инфрақұрылымын жетілдіру мақсатында бірқатар материалдық-техникалық жабдықтар алды. Мәселен, акт залға LED экран, барлық оқу кабинетіне интерактивті панель, кітапханаға кітаптарды дезинфекциялау құралы, 47 заманауи үлгідегі парта мен орындар алынды. Оқушылардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және спорттық ойындарды дамыту мақсатында мектепке шағын футбол, баскетбол және волейбол алаңы салынды. Бұл игілікті істер оқушылардың оқу белсенділігін арттыруға, кітап оқуға ынталандыруға, цифрлық сауаттылығын дамытуға және білім беру үдерісін заманауи талапқа сай ұйымдастыруға бағытталды. Үш жыл ішінде жоба аясында жүйелі жұмыс жүргізілді. Кітапханада 75 іс-шара, 9 кітап көрмесі, ақын-жазушылармен 6 кездесу, 7 кітап оқу акциясы, 12 кітапхана сабағы, 6 буккроссинг іс-шарасы ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Дебат» жобасы бойынша – 12, «Мектеп театры» бағыты бойынша 18 іс-шара өтті. Көркем әдебиетті оқытуға байланысты 24 байқау ұйымдастырылып, оған ата-аналар белсенді қатысты, – дейді мектеп директоры Мария Байділдаева.

Бұған қоса жоба аясында көркем әдебиеттер мен балалар басылымдары 204 сабақ пен сыныптан тыс жұмыстарға енгізіліп, 35 зерттеу сабағы, 34 сынып сабағы, 21 сыныптан тыс шара өткізілген. «Quiz Doda» жобасы бойынша 5-11 сыныптармен айына 2 рет, «Bilgen Doda» жобасы бойынша 2-4 сыныптарда айына 1 рет, «Жылжымалы тақта» жобасы аясында 5-11 сыныптарда айына 2 рет сабақ жүргізілген. «Lesson Study» зерттеу сабағы педагогикалық кеңестің шешімі негізінде білім сапасы төмен сыныптарда жүйелі өткізілген.

2024-2026 жылдары «Менің сүйікті кітабым» республикалық челленджі қолдау тауып, оқушылар Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», Абай Құнанбайұлының «Масғұт», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармалары насихатталған.

Тағы бір айта кетерлік ақжолтай жаңалық, қазақ тілі мен әдебиеті поні мұғалімі, мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Мәрзия Аяпова «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобасы аясында білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісін құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталып, мектептің абыройын асқатқанына «Айгөлек» журналының 25 жылдық мерейтойында 2 «А» сынып оқушылары Жансу Махамбетқали мен Нұрсұл Серікбай байқау қорығындысымен ҚР Оқу-ағарту министрінің «Алғыс хатымен» марапатталған.

1-4 сыныптар бойынша республикалық балалар басылымдарына жазылу көрсеткіші 150 оқушыға жетіп, буккроссинг аясында 15 оқушы 15 кітап, 20 мұғалім 40 кітап алмасып, мектеп кітапханасының қорына 30 кітап сыйға тартты.

2024 жылы облыстық оқу орталығының ұйымдастыруымен мектеп базасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы: оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдірудегі

рөлі» тақырыбында облыстық семинар, «Digital Kazakhstan: жаңа замандағы білім беру» тамыз кенесі аясында «Балалар кітапханасы – оқитын ұлт қалыптастыру» тақырыбында облыстық секция отырысы, «Білімге жаңа серпін: жасанды интеллект дәуіріндегі интеграцияланған пәндер» тақырыбында қалалық ғылыми-әдістемелік семинар, Ұлттық кітап күніне орай «Оқушылардың кітап оқу мәдениетін бастауыш сыныпта қалыптастырудың әдіс-тәсілдері» тақырыбында облыстық семинар, Оқу-ағарту министрінің республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Тәжірибе. Ізденіс. Даму: Көркем әдебиетті жаратылыстану пәндері арқылы оқытудағы заманауи тәжірибелер» тақырыбында республикалық семинар өткізілсе, қантар айында облыстық оқу орталығының ұйымдастыруымен ZOOM платформасында «Көркем әдебиет арқылы жаратылыстануды таны» және бастауыш сыныптарда жобаны дамытуға арналған облыстық әдістемелік отырыс өткізілген.

Аталған іс-шаралар барысында көркем әдебиетті жаратылыстану-математикалық пәндермен байланыстыру, STEAM-білім беру технологиясын қолдану, жобалық оқыту мен цифрлық құралды тиімді пайдалану бағытындағы тәжірибе алаңына айналған мектепте пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың ғылыми тілін дамыту, сыни ойлауын жетілдіру, зерттеушілік және шығармашылық қабілетін арттыру бағытында нақты нәтижеге қол жеткені көңіл қуантады.

Жобаның төрт негізгі бағыты – баспасөзге жазылу мәдениеті, сабаққа әдебиетті енгізу, сыныптан тыс жұмыс және «Отбасымен оқимын» бағыты тұрақты жолға қойылып, ай сайын, тоқсандық және жылдық жоспар жүзеге асып келеді.

Бұл іргелі жұмыс нәтижесі биылғы оқу жылы Нәлхожа Ерғешбаев атындағы №172 орта мектебі үшін білім мен ғылымда, өнер мен спортта жарқын жетістікке толы табысты кезең болғанын айғақтайды. Жыл бойы оқушылар түрлі деңгейдегі зияткерлік сайыстарда, ғылыми жобаларда, шығармашылық байқау мен спорттық жарыста жоғары нәтиже көрсетіп, білім ордасының абыройын асқатқан.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне қатысқан 5 оқушының 2-і жүлделі орын алды. 9 «Ә» сынып оқушысы Балнұр Нұрлыбекова «Техника» бағыты бойынша II орын, 11 «А» сынып оқушысы Назерке Бакытжан «Өлкетану» бағыты бойынша II орын жеңіп алды. 2-7 сынып оқушылары арасында өткен «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық конкурсында Данияр Мақсатұлы «Тарих, өлкетану» секциясы бойынша қалалық және облыстық кезеңде I орын иеленіп, республикалық кезеңде III орын иеленді. Бұл жоба жетекшісі Балнұр Жарасбекова мен ұстазы Құндызай Түменбаеваның еңбегі.

Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінен 2 оқушы I орын алып, облыстық кезеңге жолдама алса, 11 оқушы II орын, 6 оқушы III орын иеленді. Облыстық кезеңде Сая Қосыбай «Құжық негіздері» пәнінен III орын иеленіп, мектеп қоржынына тағы бір жетістік қосты, – дейді мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Мәрзия Аяпова.

Шығармашылық бағытта да мектеп оқушылары жоғары нәтиже көрсетіп, өздерінің жүйріктігін дәлелдеп келеді. Мәселен, облыс әкімінің жұлдісі үшін өткен «Сыр лигасы» жобасында «Жайдарман» ойындарының облыстық кезеңінде «Тас Париж» командасы I орынды жеңіп алғаны жетекшісі Мария Байділдаеваның тынымсыз еңбегінің жемісі. «Жеті өнер жұлдыздары» республикалық шығармашылық конкурсында «Мерек» домбырашылар ансамблі бас жүлдені иеленді. Бұл, әрине, жетекшілері Мария Байділдаева мен Еркін Базарбаевтың еселі еңбегі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды

Білім ұясында 2025 жылдың қазан айында «Инклюзивті білім беруді дамыту округтері» жобасы аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттері ашылды.

Мектеп директоры Мария Байділдаеваның айтуынша, жаңа кабинеттер заманауи талапқа сай екі бағытта жабдықталған. Бірінші кабинет – оқу үдерісіне арналған цифрлық және инновациялық технологиямен қамтамасыз етілген. Мұнда балалардың танымдық және зияткерлік қабілетін дамытуға бағытталған мультимедиялық бағдарлама, интерактивті айна, сөйлеуді дамыту тренажері, бейімделген компьютерлік құрал және басқа да цифрлық құрылғы тиімді қолданылады.

Екінші кабинет – ойын және релаксациялық аймақ. Бұл бөлімде балалардың эмоциялық жай-күйін тұрақтандыруға, ұсақ моторикасын, қимыл-қозғалыс белсенділігін және әлеуметтік дағдысын дамытуға арналған түрлі ойын құралы мен сенсорлық жабдықпен қамтылған. Аталған екі кабинет өзара үйлесімді жұмыс істей отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға кешенді психологиялық және педагогикалық қолдау жетістік алаңына айналған.

Бұл кабинеттердің ашылуы ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуына ықпал еткен. Нәтижесінде ұстаз Молдір Нұрлылдаеваның жетекшілігімен «Шексіз өмір» республикалық фестивалінің облыстық кезеңінде Осман Айнабек I орын, Нұрсұлтан Әбдугафаров II орын иеленді. Бакытқұл Әлмаханованың жетекшілігімен «Жұлдызай-2025» ұлттық инклюзивті ойынында Ұлжан Бакытбай үстел теннисінен облыстық және республикалық кезеңде I орынға табын тіреді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жарыс нәтижесінде оқушылардың оқу жылдамдығы мен сөздік қоры артып, пәнге қызығушылығы мен сауаттылығы артаң. Ата-аналардың оқу процесіне қатысу белсенділігі күшейіп, отбасылық оқу дәстүрі қалыптаса бастаған.

Сапалы білім – білікті мұғалім

Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби деңгейі мен біліктілігі – сапалы білімнің басты кепілі. Осы бағытта Н.Ерғешбаев атындағы №172 орта мектептің педагогикалық ұжымы өз білімін үнемі жетілдіріп, кәсіби дамуға ерекше көңіл бөліп келеді.

2025-2026 оқу жылында мектепте барлығы 80 мұғалім еңбек етеді. Ұжымдағы педагогтердің басым бөлігі жоғары білімді. Атап айтқанда, 71 мұғалім жоғары білімді, ал 6 педагог магистр дәрежесіне ие. Бұл көрсеткіш мектептегі қарлық әлеуеттің жоғары екенін аңғартады.

Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби санаттары да жылдан-жылға артып келеді. Бүгінде мектепте 17-педагог-зерттеуші, 27-педагог-сарапшы қызмет атқарады. Ал педагог-шебер, педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы санатындағы мұғалімдердің жалпы үлесі 55 пайызды құрайды. Бұл – білім ордасында тәжірибелі әрі кәсіби мамандардың көп екенін көрсететін маңызды көрсеткіш.

«Мұғалім – мектептің жүрегі» деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай мұғалім тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілетінің қалыптасуына үлес қосып келеді. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстар, түрлі семинарлар мен байқауларға белсенді қатысу – мектеп ұжымының даму жолындағы маңызды қадамның бірі.

Мұғалім жетістігі – шәкірт білімі мен тәрбиесінде, оның жүрегіне ізгілік ұялатуында. Мұғалімнің басты жетістігі – өз пәнін сүйіп, үздіксіз ізденісі және шәкірттерінің жетістігіне қуана білуі.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

АҚМАРАЛ ТІККЕН КИМЕШЕК

Кимешектің алдын «жақ» деп атайды. Оны қолмен кестелейді. Кимешектің «шылауыш» деп аталатын түрін жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, әжелер де киеді. Кимешекті басқа сәйкес етіп өлшеп, пішіп, тігеді. Кимешектің белден төмен түсіп, шашты жауып тұратын ұзын ұшы «құйрықша» деп аталады. Кимешек кеуде, иық, жонды жабатындай тұйық етіп жасалады. Тек адамның бет-әліпеті ашық тұратын жері ойық болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ал ойықтың жиегін өңді жіппен шалып тігеді. Мұны «алқым шалу» дейді.

Басы 1-бетте

Кимешек киген келіннің басы, омырауы жылы жүреді. Бала емізгенде шаш көзіне түспейді. Кимешектің денсаулыққа да, тазалыққа да пайдасы орасан. Аналарымыздың көпшілігі тігін шеберіне кимешекті алдын-ала тіктіріп, сандық түбіне салатын көрінеді. Бұл қызының тұрмыс құрған соң, көп ұзамай күреск көтеріп, ана болуын тілегеннен шықса керек. Кейбір аналар көнекөз қариялардың кимешектерін ырымдап әдейі сұрап алады, – дейді шебер Ақмарал Жұмағұлова.

Мұнан бөлек, ісмер Ақмарал «Анаға тағзымның» төл туындысы «Өмір пірімдері», «Үкілі үміт» бұйымын тоқып, елдің ықыласына бөленген.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

«Қызылорда қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына 2024 жылдың 24 қарашасында енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2025 жылдың 24 мамырынан бастап, Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі (Отбасы банк) Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюды жүргізуде.

Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну туралы шешімді тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларына сәйкес Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қабылдайды.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі Қызылорда қаласы әкімдігінің Қызылорда қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімінің құзыреттілігінен алынп, көрсетілетін қызмет түрі толығымен «Отбасы банк» АҚ - мен жүргізіледі.

ПӘТЕР КЕЗЕКТІЛІГІ

05.01.2026 жылға тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 6 дара тізімдері бойынша 34 160 отбасы кезекте тұр.

№	Санаты	Кезекте тұрғандар саны
1	Көпбалалы отбасылар	5743
2	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тобында;	1186
3	Апаттық үй санаты бойынша	583
4	Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарында	9247
5	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік сала қызметкерлері	8238
6	Тізім санаты белгіленбегендер	9167

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының 2026 жылдың II тоқсанына арналған жеке тұлғалар және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Кузембаев Ербол Кабаштаевич	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15:00-16:00-ге дейін
2	Умербаева Майрамкуль Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16:00-17:00-ге дейін
3	Сапарбеков Куанышбек Тастемирович	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаның бейсенбісі, сағат 16:00-17:00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі №2. Байланыс телефоны: 8 (7242) 23-38-09. E-mail: fink.kyzyl@minfin.gov.kz

Қауіпсіздік – бірінші орында

Балалардың тісін осы тәсіл бойынша емдеп жатқандар бар. Алайда соңғы уақыттарда бір сәтте бірнеше тісін жалпы наркозбен емдеу бойынша шағымдар жиілеп кеткен. Бұл мәселеге алаудаушылық білдірген Денсаулық сақтау министрлігі стоматологиялық клиникаларға тексеру жүргізілгенін айтты. 2025 жылы Бас прокуратураның тапсырмасы бойынша еліміздегі 622 стоматологиялық ұйымға жоспардан тыс тексеру жүргізілген.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнәзарова атап айтқандай, жалпы наркоз – күрделі медициналық емшара, оны тәжірибелі анестезиологтың қатысуымен, қажетті құрал-жабдықтың толық қамтамасыз етілуімен жүргізуге болады. Сонымен қатар министр анестезияны бала үшін «ыңғайлы тәсіл» ретінде қарастырмауға шақырады.

– Ұзақ наркоз баланың жүрек-қан тамыр, тыныс алу және жүйке жүйесіне қауіп төндіруі мүмкін. Кейбір жеке клиникалардың «барлық тісті бір сеанста емдейміз» деген ұсынысы тек нақты медициналық негіз болған жағдайда ғана орынды. Ата-аналар шешім қабылдама бұрын барлық тәуекел мен жағдайлар туралы толық ақпарат алуы қажет. Баланың қауіпсіздігі әрқашан бірінші орында тұруы тиіс, – дейді денсаулық министрі.

Севоранның әсері қалай?

Севоран газы – мемлекеттік ауруханалар мен стоматологиялық жеке клиникаларда хирургиялық операцияларда анестезия мақсатында қолданылады. Балаларды ұйықтатып емдеуге мемлекет тарапынан мүмкіндік бар. Бұл әдіс тек дамуында ерекшелігі бар балаларға ғана қолданылады екен. Ол үшін диагнозды растайтын құжат арқылы кезекке тұруы қажет. Алайда тіс ауруы кезек күтіп жүргенге шыдапмайды. Сондықтан ата-аналар жеке клиникаларға барады.

Севоран газымен емдеу тәсілі шетелдерде өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап қолданысқа енгізілген. Алғашқылардың қатарында Еуропа елдері, АҚШ және Жапония бұл әдісті медицинада кеңінен пайдалана бастады.

Мамандардың айтуынша, бұл тәсілдің дәстүрлі жалпы наркоздан айырмашылығы – науқасты, әсіресе баланы ұйықтату процесі әлдеқайда жеңіл өтеді. Севоран газы арқылы адам тез ұйқыға кетеді. Тәжірибеде бұл әдіс тіпті ең кішкентай пациенттерге де қолданылып жүр. Мысалы, дәрігердің айтуынша, ең кішкентай пациент небәрі 7 айлық саби болған. Сонымен қатар бұл тәсілді егде жастағы адамдарға да қолдануға болады.

– Севоран газы тек стоматология саласында ғана емес, жалпы медицинада да кең қолданысқа ие. Атап айтқанда, уролог-андрологтар мен ЛОР дәрігерлері де бұл әдісті қолданады. Сондай-ақ ЗПР, ЗРР сияқты қосымша диагноздары бар балаларды МРТ немесе КТ тексерулерінен өткізу кезінде оларды тыныш ұйықтату үшін пайдаланылады. Медицина мамандары севоранды жалпы наркоздың бір түрі ретінде қарастыратынымен, оны ең қауіпсіз, заманауи және жеңіл наркоз әдістерінің бірі деп есептейді. Дегенмен, бұл тәсілді қолданбас бұрын науқас міндетті түрде арнайы медициналық тексерулерден өтеді. Егер ешқандай қарсы көрсетілім анықталмаса ғана ем жүргізіледі. Сондай-ақ емдеу алерголог дәрігердің рұқсатымен жүзеге асады, – дейді «One-dent» тіс емханасының балалар тіс дәрігері Ақтоты Қуанғали.

Дәрігердің айтуынша, балалардың тісін бірден севоран газын қолдану арқылы емдейді. Алдымен дәрігер мен бала арасында сенім қалыптастыру маңызды.

Басы 1-бетте

МАМАН КЕҢЕСІ

Кене – көптеген жұқпалы ауру қоздырғыштарының тасымалдаушысы. Олар жануарлардың қанымен қоректеніп, табиғи ошақтардан елді мекендерге кене энцефалиті, Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы (ККҚК), бактериялық инфекциялар (туляремия), риккетсиоздар және т.б. белгілі вирустық ауруларды тасымалдайды. Вирус кенелер ағзасында, олардың барлық даму сатысында (жұмыртқадан имагоға дейін) сақталады. Ауру – кене шаққанда немесе қыркым кезінде езілген кенелердің қаны шашырау арқылы не болмаса ауру адамдардың қанымен байланыста болғанда жұғады.

Кене ауыл шаруашылығы малдарының салмағы мен өнімділігін төмендетеді және тіпті жас төлдердің өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Кене мал шаруашылығына айтарлықтай зиян келтіреді. Мысалы: анаплазмоз, бабезиоз, пироплазмоз және ірі қараны, жылқыны гемоспоридиоз ауруларына шалдықтырады.

БАЛАНЫ ҰЙЫҚТАТЫП ТІС ЕМДЕУ ҚАУІПТІ МЕС?



– Біз баланы бірден севоран газымен ұйықтатып емдейміз. Ең алдымен баламен сөйлесеміз, түсіндіреміз, қорықпауға үйретеміз. Баланың сенімін қалыптастыру – емдеудің маңызды кезеңі, – дейді маман.

Қызылорда қаласында бұл әдіс соңғы жылдары ғана енгізіліп жатыр. Соған қарамастан, сұраныс жоғары.

– Севоран арқылы емдеу әдісі Қазақстанға шамамен 2019-2020 жылдары келе бастады. Ал Қызылорда қаласында мұндай аппаратпен емдеу бір жыл бұрын ғана қолға алынды. Соған қарамастан, біздің клиникада бір жылдың ішінде 600-ден астам бала ем қабылдады, – дейді дәрігер.

Маман бұл әдіспен емдеу үшін арнайы лицензия мен кәсіби тәжірибе қажет екенін атап өтті.

– Севоран газымен емдеу үшін дәрігерлер мен емхананың арнайы лицензиясы болуы тиіс. Сонымен қатар балаларды емдейтін дәрігерлер үнемі білімін жетілдіріп отыруы қажет. Біз де тұрақты түрде түрлі курстарға қатысып, кәсіби біліктілігімізді арттырып отырамыз. Әр үш ай сайын шетелдік мамандардың дәрістеріне қатысамын. АҚШ, Египет, Корея секілді елдердің мамандарынан тәжірибе алып, білімді жетілдіріп келеміз, – дейді ол.

Маманның айтуынша, қазіргі таңда балалардың психологиялық жағдайы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда күрделі. Көп балалар ашушаң, жасқаншақ болып келеді, кейбірі тез қорқып, күйзеліске түсіп жатады.

– Қазір балалардың психологиялық жағдайы өте нәзік. Кейбір балалар ашушаң, жасқаншақ болады. Ата-ананың айтқанын тыңдамайтын, кез келген нәрседен қорқып қалатын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан оларды тіс емдеу кезінде сабырмен, психологиялық тұрғыдан дайындау өте маңызды. Бұрын тіс дәрігерлері балаларды кейде күштеп ұстап отырып емдеуге мәжбүр болған. Ал қазіргі медицинада мұндай тәсілдер қолданылмайды. Қазір баланың психологиясына зиян келтірмей емдеу басты қағидаға айналды, – дейді Ақтоты Жалмұратқызы.

Қорыта айтқанда, Севоран арқылы тіс емдеу – дұрыс жағдайда жасалса қауіпсіз әдіс. Емді қолданудағы негізгі мақсат баланы жай ғана тыныштандыру емес, тек медициналық қажеттілік туындағанда қолданылуы тиіс. Ең маңыздысы – баланың денсаулығы мен қауіпсіздігін бірінші орынға қою.

Балалардың тісі неге ерте бүлінеді?

Балалар тіс дәрігері Ақтоты Жалмұратқызының айтуынша, балалар арасында тіс ауруы бұрыннан кездесетін мәселе болғанымен, ата-аналардың сүт тістерге деген көзқарасы әлі де жеткілікті деңгейде емес.

– Көп ата-ана сүт тісі бәрібір түседі деп ойлап, оның күтіміне мән бермейді. Алайда сүт тістің сау болуы өте маңызды. Оларды бірден жұлып тастауға болмайды. Бала сүт тісі арқылы тамақты шайнайды. Сонымен қатар сүт тісі ауыз қуысының дұрыс дамуына және баланың сөйлеу қабілетіне тікелей әсер етеді. Сондықтан сүт тісі емдеп, сақтап қалу қажет. Қазіргі кезде балаларда тіс ауруы ерте жастан байқала бастады. Тіпті 5-6 жастағы балалардың тістің бетінде түрлі дақтар пайда болады.

Бұл – тіс минералдарының бұзылуының белгісі. Осындай жағдайда тіс тез құртып, бүлінуі мүмкін. Балалар қатты тағамдарды көп шайнамайды. Көбіне жұмсақ тағамдарға үйреніп кеткен. Ал тіс пен жақын дұрыс дамуы үшін бала тағамды жақсылап шайнауы қажет, – дейді балалар жасындағы тіс дәрігері Ақтоты Қуанғали.

Өкінішке қарай, кейбір ата-аналар баланың тісіне немқұрайлы қарайды. Соның салдарынан балалар арасында жақ сүйегінің дамуындағы түрлі мәселелер де көбейіп барады. Өрбір екінші балада жақ сүйегінің түрлі қалыптаспауы байқалады. Сондықтан да баланың тіс күтіміне уақытында көңіл бөлу ата-ананың міндеті болуы қажет.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



ТҮЙЫМ САЛУ?

МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕ МЕ?

– Соңғы уақытта жастардың темекі мен вейпке құмарлығы азаймай тұрғанын көріп отырмыз. Тұйымдар күшейгенімен, қызғышлық азаймаған секілді...

– Жастардың темекіге және вейпке қызғышлығы азаймай тұр. Бұл бірнеше себептерге байланысты, тұйымдардан кейін вейп шеккендердің 10%-ы қайтадан темекіге оралуы, қалың тұтынушының артуы, сондай-ақ контрафактілік және бақылаусыз құрылғылардың көбеюі. Мысалы, ақпараттың жеткілікті салдарынан қалыңның зиянсыз екендігі туралы мифтер кең тарауда. Бұл жағдай ересек тұтынушылардың өз бетінше кәте «ғылыми» түсіндірмелер жасап, дұрыс ақпарат ала алмауымен байланысты. Ағартушылық коммуникацияның болмауы жастар арасында темекі мен вейпке деген қызғышлықтың артуына ықпал етеді.

– Жалпы, Қазақстандағы темекі қарсы қолданылып жатқан шектеулердің тиімділігіне қандай баға берер едіңіз?

– Мұнда артықшылықтар да, кемшіліктер де бар. Жастарды қорғауға бағытталған «Tobacco 21» бастамасы, дүкенде өнімді ашық қоюға тұйым салу (display ban) және өнімнің қозғалысын бақылау жүйесін оң қадамдар деп айтуға болады. Бірақ кемшіліктер де айтарлықтай, тәуекел деңгейіне сай реттеудің болмауы, халықты ақпараттандырудың жеткілікті деңгейде болмауы.

– Қалың мен вейптерге салынған тұйымдар нәтиже берді ме? Зерттеулер не дейді?

– 2023 жылғы зерттеу нәтижесіне сәйкес, қалың индустриясының өкілдері енгізілген тұйымды тиімсіз деп бағалайды. Алматы, Шымкент қаласындағы мамандар Қазақстанда қалың мәдениетінің қалыптасқанын айтады. Бұл индустрияда бескелестік артып, «қалыңшы» мамандығы қалыптасуда. Алайда тұйым индустриясының дамуы тежейді. Бұл жағдай мемлекет, бизнес және тұтынушыларға тиімді емес, себебі бюджетке түсім азаяды, мемлекеттік органдардың беделі түседі, сабылмас жемқорлық және бизнес қауіптері артады. Тұтынушылардың 40%-ы қоғамдық орындарда қалың шегуді тоқтатпайды, 33%-ы үйде шегуге

Басы 1-бетте

ауысқан. Электрондық темекіге келсек, тұйым нарықты жойған жоқ, ол тек заңсыз секторға мессенджерлер мен заңсыз онлайн базарларға өтті. Зерттеу қорытындысына сәйкес, қалың шегуге тұйым салынғандан кейін заңсыз айналым 120%-ға өсті. Қалың шегуге арналған темекінің шамамен 80%-ы акциз төлемей Қазақстанға әкелінеді. Тұйым салу нәтижесінде көлеңкелі нарық пайда болды. Бұл Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ресми реттеудің орнына сыбайлас жемқорлық схемаларын дамытты.

– Тығырықтан шығудың жолы бар ма? Халықаралық тәжірибеге сүйенген жөн бе?

– Өрине. Ұлыбританияда вейпінг заңды айналымда болғандықтан, темекі шегетіндердің үлесі 41%-ға азайды. Жаңа Зеландияда бұл көрсеткіш 58%-ға төмендеді. Швеция «сүтінсіз» модель арқылы ең төменгі ауру көрсеткіштеріне қол жеткізді. Жапонияда балама өнімдерге (НТР) көшу темекі сатылымын күрт төмендетті. Қазақстан үшін тек тұйым салуға бағытталған саясат темекі шегетіндердің санын төмендете алмайды.

– Сонда бізге қандай бағыт ұстанған тиімді? Қатаң тұйым ба, әлде ағарту жұмысы ма?

– Адамдарды қорқыту емес, ақпараттандыру арқылы санаға әсер ету тиімді. Яғни, шектеу емес, ақпараттандыру мен саналы таңдау құқығын қолдау тәжірибесіне назар аудару керек. Швеция, Ұлыбритания және Жаңа Зеландия елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, темекі тұтынуды азайтуға үрей туғызу емес, халықты жан-жақты ақпараттандыру әлдеқайда тиімді нәтиже береді. Бұл жағдайда мемлекетке тек тұйым салумен шектелмей, азаматтардың саналы таңдау жасау құқығын қолдауға және халықаралық озық тәжірибеге назар аудару ұсынылады. Тұтынушылар жеңілдіктерді емес, тек зияны аз баламалар мен әділ ережелер туралы шынайы ақпаратқа қол жеткізуді талап етеді. Тиісті түсіндіру жұмыстарының енгізілген тұйымдар ересектер үшін бақыланатын сату арналарының жойылуына әкеліп, кері әсерін тигізеді. Негізгі басымдық никотинді тұтынуды арттыру емес, темекіден толық бас тарту немесе түгін мөлшерін азайту болуы тиіс.

– Сұхбатыңызға рахмет!
Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛА

КЕНЕДЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

+9-10°C-қа жеткенде белсенділігі артып, адамдарға, жануарларға шабуылы жасайды. Кенеден қорғану шаралары:

- Жабысқан кене көрініп тұратын ашық түсті киімдерді кінген дұрыс;
- Мойынды жауып ұстау, бас киім киіп жүру;
- Кене жабыспау үшін, оларға қарсы аэрозольдер мен иісі бар жақпа майлар пайдалану;
- Кенелер қалың шөптердің арасында жасырынатындықтан көк шөпте отырмау қажет,

қолғап киіп, кенені тұмсығы қалып қоймау үшін тербетіп, сәл бұрап, жай тартып шығару қажет, орнын екі саусақпен қысып, қанын сығып шығару, орнына йод жағу қажет.

Кенені жою үшін кенеге қарсы өңдеу жұмыстары басталар алдында және барысында келесі шараларды орындау қажет:

- Қора жайлар мен аумақтарды көң мен коқыстан механикалық тазалау;
- Едендегі, қабырғадағы саңылауларды, жарықтарды, тышқан індерін мазут, автол,

креолин немесе осы заттарды сіңірген балшықпен бітеп-жөндеу;

- Кенеге қарсы өңдеу кезінде қора жайлардың ішкі және сыртқы қабырғалары, едендері, қоршаулары, қақпалары, сондай-ақ оларға іргелес аумақтар толықтай қамтылуы тиіс.

Кенелермен күресетін қауіпсіз әдістер және тазалық жұмыстарын ұйымдастыру:

- Құз-қыс және ерте көктем мезгілінде құрғақ шөптерді отау және өртеу арқылы кенелердің дамуының имагоға дейінгі сатыларын жою.
- Мамыр-шілде айларында, яғни иксод кенелерінің жұмыртқа салу кезінде, мал қоралары мен олардың айналасындағы 10-15 метр аумақта аптасына кемінде бір рет тазалау жұмыстарын ұйымдастыру қажет;
- Қанға тойған аналық кенелер көлемі 8-12 есе үлкейіп, қозғала алмайтындықтан, олар көбіне жануардан түскен орындарда қалып, жұмыртқа салу үшін қоралағы астаулардың, жем-шөп науаларының астындағы оңаша,

көзге түсе бермейтін жерлерге тасаланады. Осыған орай бұл жабдықтардың астын орнынан жылжытып, міндетті түрде тазалау қажет;

- Жиалған қобыс, толықтай ортелуі тиіс.

ЕСКЕРТУ

Көктем-жаз мезгілінде кененің көбею қаупі жоғары болғандықтан, алдын алу және тазалық шараларын уақытылы әрі тұрақты жүргізу адам мен жануарлардың денсаулығын сақтаудың басты кепілі болып табылады. Жыл бойы жүргізілген бақылаулар нәтижесі көрсеткендей, далалық биотоптарда және мал үстіндегі кенелердің саны көктем-жаз айларында (наурыз-шілде) күрт көбейеді. Осы кезеңде адам денсаулығына қауіп туықтымалдығы артады. Сондықтан аталған мезгілде жеке қауіпсіздік шарасын қатаң сақтау аса маңызды.

М.КАЛМАКОВА,
«Қызылорда баға қарсы күрес станциясы»
РММ-нің зоологы

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙМІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнам мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3875 Тапсырыс №502